

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Философия кафедрасы
Халықаралық ақпараттандыру академиясы ақпараттық қолдауымен

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің бітіруші сынып оқушыларын Мәдениеттану және философия пәндері бойынша мектеп оқушыларының онлайн–сайысқа қатысуға шақырамыз.

Онлайн–сайыстың мақсаты – оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтік ғылымдар факультеті Философия кафедрасының кәсіби бағдар беру қызметінің тиімділігін арттыру.

Онлайн–сайыстың міндеттері - оқушылардың теориялық білімдерін тереңдету, Қазақстан Республикасында жоғары гуманитарлық білімнің беделін арттыру, елімізде философия мен мәдениеттануды дәріптеу, Қазақстанның орта мектептерінің түлектері арасында Философия кафедрасының танымалдылығының өсуі.

Онлайн–сайысқа Қазақстан Республикасының кез келген 11-сынып оқушылары қатыса алады. Онлайн–сайысқа қатысу жеке-дара, еркін және тегін түрде болады. Онлайн–сайыс қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде Google Forms-та онлайн тестілеуді қолдану арқылы қашықтағы түрде екі кезеңде өтеді. Әрбір қатысушы байланыс ақпаратын *(толық аты-жөні, телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы, қатысушы оқитын білім беру ұйымының толық атауы, дербес деректерді өңдеуге келісім және Онлайн–сайысқа қатысушы қызметінің нәтижелерін галамтор желісіне орналастыру)* ұсынуы қажет.

Бірінші *(іріктеу)* кезеңі 2021 жылдың қараша айының 28-30 күндері өтеді. Екінші *(негізгі)* кезең 2021 жылдың желтоқсан айының 3-4 күндері өтеді. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша қазылар алқасы І дәрежелі диплом, II дәрежелі екі диплом және III дәрежелі үш диплом береді. Жеңімпаздар ЕҰҰ және ХАА-дан бағалы сыйлықтарға ие болады, сонымен қатар Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Философия» және «Мәдениеттану» ББ-ға оқуға түсу кезінде консультациялық көмек алу құқығына ие болады. Онлайн–сайыс жеңімпаздары оқитын мектеп директорларына алғыс хаттар жолданады. Қалған қатысушыларға Онлайн–сайысқа қатысқаны үшін сертификат беріледі.

Онлайн–сайысқа қатысу үшін **2021 жылдың қараша айының 10-25 күндері аралығында** <https://forms.gle/RH7ocxAzBqoNcNYH8> сілтемесі бойынша жеке тіркелу қажет. Онлайн қатысудың этикалық стандарттарын сақтауын қамтамасыз етуге қатысушылардың өздері жауапты.

Онлайн–сайыс ұйымдастыру комитетінің байланыс мәліметтері:

Арыстамбаева Светлана Андреевна +7 (701) 756-52-75 - Whatsapp

Үмбетова Гүлнар Тойбекқызы +7 (705) 656-21-57-Whatsapp